

**"Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 113-319 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 113-2447 қаулысы. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 113-374 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 28.02.2018 № 113-374 (қаулы қол қойылған күннен бастап 6 (алты) күнтізбелік күн ішінде күшіне енеді) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 113-319 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 890 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 наурыздағы № 31 (3236) "Астана ақшамы", 2015 жылғы 21 наурыздағы № 31 (3254) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының кіріспесіндегі "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы" деген сөздер мен сандар "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі" деген сөздермен және сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

**1 6 - т а р м а қ т а :**

5) тармақшадан кейін мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"5-1) Басқарманың ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның келісімен бекіту;

5-2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізуге бюджеттік

бағдарламалар әкімшілері ұсынатын өтінімдердің Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;"

11) тармақшадан кейін мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) әкімдікке жергілікті уәкілетті орган резервінің ақшасын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдығы туралы ақпаратты ай сайын ұсыну;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен тоқсандық және жылдық жиынтық бюджеттік және шоғырландырылған есептілікті қабылдауды және тексеруді жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 14-1), 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) жартыжылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау және бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органға ұсыну;

14-2) ашық бюджеттердің интернет-порталына ақпарат орналастыру;"

25) тармақшадан кейін мынадай мазмұндағы 25-1), 25-2), 25-3), 25-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"25-1) Астана қаласының жергілікті атқарушы органының қарыз алуын мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асыру;

25-2) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауды жүзеге асыру;

25-3) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асыру;

25-4) жекешелік әріптестікті айқындау үшін конкурстық комиссияға қатысу;"

2. "Астана қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны ресми және мерзімді баспа басылымдарында жариялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А. И. Лукинге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Астана қаласының әкімі*

*Ә. Исекешев*